

«ОТБАСЫЛЫҚ БАҚЫТ ӘЛІППЕСІ»

Ата-аналарға арналған консультация

Мақсаты:

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту, отбасындағы жылы қарым-қатынастың баланың психологиялық дамуына әсерін түсіндіру.

Кіріспе сөз

Бала үшін ең қауіпсіз, ең жылы орта – оның отбасы. Ал сол ортаны құрайтын – ата-ананың мейірімі мен түсіністігі.

Отбасылық бақыт әліппесі

А – Адамгершілік: Үлкендердің өзара сыйластығы – балаға үлгі.

Б – Байланыс: Күн сайын баламен шынайы әңгімелесу маңызды.

В – Сенім: Сенім артылған жерде жауапкершілік қалыптасады.

Г – Гумандық: Қаталдық емес, түсіну тәрбиелейді.

Д – Даму: Әр бала – жеке тұлға.

Е – Есту: Баланың сөзін тыңдай білу – ата-ананың басты қабілеті.

Ж – Жылы сөз: Жылы сөз баланың жан дүниесін байытады.

З – Зейін: Баланың көңіл күйін бақылау – ата-ананың міндеті.



Интерактивті тапсырма «Бала көзімен»



1. Балаңыз сізді қандай 3 сөзбен сипаттар еді?
2. Сіз балаңызды соңғы рет қашан құшақтадыңыз?
3. Соңғы рет бірге әңгімелескен кезіңіз қашан?

Ойын «Жылы сөз – жанға қуат»

Әр ата-ана баласына айтатын бір жылы сөзді айтады (мысалы: «Мен сені жақсы көремін», «Сен мен үшін қымбатсың»).

Қорытынды

Бақытты отбасы – мінсіз емес, мейірімді отбасы. Баланың ең үлкен байлығы – ата-анасының уақыты мен махаббаты.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ата-аналарға арналған кеңес беру

Мақсаты:

Ата-аналарға мектеп жасына дейінгі баланың жас ерекшеліктерін түсіндіру, тәрбие барысында дұрыс қолдау көрсету жолдарын ұсыну.

Кіріспе

Мектепке дейінгі жас – баланың тұлғалық, психологиялық және әлеуметтік дамуының ең маңызды кезеңі. Бұл жаста баланың ойлауы, сөйлеуі, эмоциясы мен мінез-құлқы қалыптасады.

Баланың негізгі даму бағыттары

1. Танымдық даму

Бала әлемді ойын арқылы таниды. Зейіні тұрақсыз, қиялы өте дамыған.

Кеңес: ойын арқылы үйрету, сұрақтарына жауап беру, бірге зерттеу.

2. Сөйлеу дамуы

Сөздік қоры жылдам өседі, сұрақты көп қояды.

Кеңес: ертегі оқу, баламен жиі сөйлесу, сөзін бөлмеу.

3. Эмоционалдық даму

Көңіл күйі жиі өзгереді, мақтауға мұқтаж.

Кеңес: сезімін қабылдау, жылы сөз айту, қолдау көрсету.

4. Әлеуметтік даму

Басқа балалармен қарым-қатынас жасауды үйренеді.

Кеңес: бөлісуге, кезек күтуге үйрету, үлгі болу.

5. Қимыл-қозғалыс дамуы

Ірі және ұсақ моторика дамиды, қозғалысқа белсенді.

Кеңес: сурет салу, мүсіндеу, қимылды ойындар.

Бала дамуының жас кезеңдері

1	Сәби кезең (0-1 жас) Сәби кезең – тіл дамыту, қозғалыс қабілетін дамыту, ұйқы режимін реттеу, тамақтануды үйрету.	
2	Ерте балалық шақ (1-3 жас) Ойын арқылы тәрбиелеу, өз бетінше кінуді, тамақтануды, тұрақты ұйқы режимін қалыптастыру, сөйлеу дағдыларын дамыту.	
3	Кіші мектеп жасы (3-7 жас) Ойнау арқылы ойлау, сөйлеу, қиял, есте сақтау, шығармашылық қабілетін дамыту.	
4	Мектеп жасы (7-18 жас) Оқу, жазу, математика, басқа пәндерді үйрену, өзін-өзі ұстау, социумдағы мінез-құлық нормаларын меңгеру.	

Жиі кездесетін қиындықтар

Қырсықтық, жылау, қорқыныш, зейіннің тұрақсыздығы – бұл жас ерекшелігі.

Ең бастысы – сабыр мен түсіністік.

Баланың сөйлеуін дамытуға арналған кеңестер

- Барлығын сипаттаңыз**
Сізге және балаға қызықты нәрселер туралы сөйлесіңіз
- Балаларша сөйлемеңіз**
Баланың былдырлап сөйлегеніне еліктемеңіз. Ересек адаммен сөйлескендей, қарапайым сөздерді қолданыңыз
- Тоқтаңыз және тыңдаңыз**
Дайте ребенку возможность повторить или ответить
- Сұрақтар қойыңыз**
Бала өлі жауап бере алмаса да сұрақ қойыңыз. Баланың бұл сұрақ екенін түсінуі үшін дұрыс интонация жасаңыз
- Кітап оқыңыз**
Бұл оның сөздік қорын кеңейтіп, диалогты дұрыс құруға көмектеседі, үйлесімді сөйлеуді дамытады
- Позитивті болыңыз**
Өңімінен көңілді және позитивті етіңіз
- Әңгіме айтыңыз**
Қандай да бір затты елестетіп, ол туралы білгеніңізді айтыңыз

Ата-аналарға арналған ұсыныстар

1. Баланың жас ерекшелігін ескеріңіз
2. Салыстырмаңыз
3. Жиі мақтаңыз

4. Күн тәртібін сақтаңыз
5. Экран уақытын шектеңіз
6. Бірге ойнаңыз
7. Махаббатыңызды көрсетіңіз

Қорытынды

Түсінілген, қолдау көрген бала – сенімді және бақытты болып өседі.
Баланың болашағы отбасындағы атмосферадан басталады.